



**"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 31 қазан N 1382

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер  
мен толықтырулар енгізу туралы

"Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Z914800\_ Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 636-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 117-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен

толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағында туған және шет мемлекеттің азаматтығында тұрмайтын адамдар;";

4-бапта "балалардың", "олардың", "куәліктерімен" деген сөздер "баланың", "оның", "куәлігімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы Конституцияда, зандарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.";

11-бапта:

"балалардың" деген сөз "баланың" деген сөзben ауыстырылсын; екінші бөлік алынып тасталсын;

12-баптың тақырыбында "балалардың" деген сөз "баланың" деген сөзben ауыстырылсын;

13-баптың тақырыбында "балалардың" деген сөз "баланың" деген сөзben ауыстырылсын;

14-баптың тақырыбында "балаларының" деген сөз "баласының" деген сөзben ауыстырылсын;

16-бапта:

бірінші бөліктің 1) тармақшасында:

"Қазақстан Республикасы азаматтарымен" деген сөздерден кейін "кемінде үш жыл" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацта:

"саяси себептермен", "мәжбүр болған" деген сөздер алынып тасталсын, "кетуге" деген сөз "кеткен" деген сөзben ауыстырылсын;

қазақ тіліндегі мәтінде "тармақшаның" деген сөз өзгеріссіз қалдырылсын;

2) тармақшасында "бұрынғы одақтас" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасында тұрақты тұру мақсатымен келген" деген сөздермен толықтырылсын;

17-бап мынадай мазмұндағы екінші және үшінші бөліктермен толықтырылсын:

"Осы баптың 7) тармақшасының ережелері осы Заңың 16-бабының бірінші бөлігінің 1) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген және шетелдік азаматтықтан бас тарту туралы жазбаша өтінішпен ішкі істер органдарына жүгінген адамдарға қолданылады.

Мұндай жүгіну фактісі туралы ақпарат және жүгінген адамдар Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған жағдайда олардың шетелдік паспорты зандармен белгіленген тәртіппен шет мемлекетке жіберіледі.";

18-бап мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңың 16-бабының бірінші бөлігі 1) тармақшасының талаптары мұндай адамға қолданылмайды.";

20-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Егер баланың бірге тұратын ата-анасының екеуі де немесе ата-анасының біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шықса және республикадан тыс жерге кететін болса, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын бала ата-анасының өтініші бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыға алады.";

21-бапта:

4) тармақшада "бес" деген сөз "үш" деген сөзben ауыстырылсын; екінші бөлік алынып тасталсын;

4-тараудың тақырыбында "балалардың" деген сөз "баланың" деген сөзben ауыстырылсын;

22-бапта:

тақырыпта "балалар" деген сөз "бала" деген сөзben ауыстырылсын; бірінші бөліктегі "балаларының" деген сөз "баланың" деген сөзben ауыстырылсын;

23, 24, 25-баптардың тақырыптарында "балалардың" деген сөз "баланың" деген сөзben ауыстырылсын;

24-баптың екінші сөйлемі алынып тасталсын;

25-бапта "14 жасқа дейінгі" деген сөздер алынып тасталсын;

27-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"27-бап. Асырап алу жағдайында баланың Қазақстан Республикасы азаматтығының сақталуы

Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар асырап алған Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын баланың Қазақстан Республикасының азаматтығы өзінің кәмелетке                    толғанына                    дейін                    сақталады.

Қазақстан Республикасының азаматтары асырап алып, асырап алушылардың екеуі де немесе асырап алушылардың біреуі Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан жағдайда баланың Қазақстан Республикасының азаматтығы өзінің кәмелетке толғанына дейін сақталады.

Осы бапта аталған баланың Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуына ол кәмелетке толғаннан кейін және оның еркімен ғана жол беріледі.";

28-баптың мәтінінде "Балалардың", "балалардың", "олармен", "олардың" деген сөздер "Баланың", "баланың", "онымен" "оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

29-баптың екінші бөлігінің екінші абзацында "басқа мемлекеттердің азаматтарын" деген сөздер "шетелдіктерді" деген сөзben ауыстырылсын;

33-баптың екінші бөлігінде "балаларды", "олардың" деген сөздер "баланы", "оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

38-бапта "1-тармағында" деген сөздер "1) тармақшасында" деген сөздермен ауыстырылсын;

39-баптың екінші бөлігінде "балалар", "олардың" деген сөздер "бала", "оның" деген сөздермен ауыстырылсын;

9-тaraу және 42-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-tarau. Халықаралық шарттар

42-бап. Халықаралық шарттардың қолданылуы

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар осы Занда қамтылғандардан өзге ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.".

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.